



Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебін бітірушінің дипломы мен омырауға тағатын белгісінің үлгісі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 25 ақпан N 3852. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.11.12. N 4142 өкімімен. ~N984142

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 12 қарашадағы N 3216

U963216_

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік басқару Мектебі туралы Ереженің 21-тармағына сәйкес ҰЖМБМ бітірушісінің дипломы туралы ереже мен омырауға тағатын белгісінің үлгісі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 3852 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық
Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебінің дипломы туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі (бұдан былай - ҰЖМБМ) дипломының мәртебесін белгілейді.

1. Диплом - ҰЖМБМ-ды бітіргенін және магистрлік немесе диплом жұмысын қорғағанын куәландыратын ресми құжат.

2. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебінің дипломы ҰЖМБМ-да толық оқу курсынан өткен, магистрлік немесе диплом жұмысын қорғап:

басқару қызметінде терең теориялық білімі мен іс-тәжірибе дағдысын; әлеуметтік-экономикалық процестерге талдау жасай білу қабілетін, кәсіби қызметте ғылыми әдістемені қолдана білетіндігін;

әлемдік процестердің, мемлекеттік институттардың, оның құрылымдары мен қызметтерінің даму заңдылықтарын түсінетіндігін;

психологияны меңгергенін және адамдармен тіл табыса жұмыс істей алатындығын;

мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін қызметтік міндеттерін атқаруға қажетті ауқымда білетіндігін;

қазіргі заманғы халықаралық, іскерлік, кәсіби әдепті білетіндігін, дәлелді, пікірталасын жүргізе алатындығын;

өз білімін көтеруге мәдениет әлеміне ден қоюға құштарлығын; басқару құралы ретінде ақпараттық технологияларды пайдалана білетіндігін;

салауатты өмір салты жөнінде ғылыми түсінігі бар екендігін, дене бітімін жетілдіру қабілеті мен дағдысын көрсеткен адамдарға беріледі.

3. Үздік нәтижелер көрсеткен тыңдаушыларға үздік диплом тапсырылады. Үздік диплом алу үшін қажетті шаралар ҰЖМБМ Кеңесі бекіткен Білімге баға беру жүйесі мен білім бақылау тәртібі туралы ережемен белгіленеді.

4. ҰЖМБМ-ның дипломы мен оның қосымшасына Мемлекеттік аттестациялық комиссиясының төрағасы мен ҰЖМБМ директоры қол қояды.

5. ҰЖМБМ-ның дипломын, әдетте, мемлекеттің басшы лауазымды адамдары салтанатты жағдайда тапсырады.

6. ҰЖМБМ-ды бітірушілер Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің кадрлар резервін құрайды.

7. Диплом алған мектеп бітірушілерге ҰЖМБМ-ға түскенге дейін атқарған лауазымынан төмен емес мемлекеттік қызметке орналасуға кепілдік беріледі.

Ақылы негізде оқығандар жұмысқа өздері орналасады.

8. ҰЖМБМ дипломының болуы оның иесін мемлекеттік қызмет бабында

жоғарылату туралы мәселе шешілген кезде ескеріледі.

9. ҰЖМБМ-ға түскенге дейін мемлекеттік қызмет стажы болмаған мектеп бітірушілер үшін диплом мемлекеттік қызметке конкурстан тыс қабылдауға негіз болып табылады.

10. ҰЖМБМ-ның толық оқу курсынан өткен, бірақ магистрлік (диплом) жұмысын қорғамаған тыңдаушыға куәлік беріледі.

11. ҰЖМБМ жанынан ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстарды бітірген мемлекеттік қызметшілерге куәлік беріледі.

12. Куәлік үлгісін Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекітеді.

13. Куәлікке ҰЖМБМ-ның директоры қол қояды.

14. Дипломды (куәлікті) жоғалтып алған жағдайда иесінің өтініші бойынша оған екінші нұсқасы жазылып беріледі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 3852 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық
Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебін (ҰЖМБМ)
бітірушінің омырауға тағатын белгісінің

ҮЛГІСІ

ҰЖМБМ-ды бітірушінің белгісі мынадай болып келеді: сегіз қырлы таңба өрісінде беттері ашық кітап орналасқан, оның сол жақ жоғары және оң жақ төменгі бұрыштары таңба шекарасынан шығып тұрады. Кітаптың сол жақ беті таза, оң жақ бетіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышаны - күн мен оның сәулесі аясында қалықтаған қыран бейнеленген. Бұл бейнелер шеңберге алынып, оның ішкі жағында Мектептің аты жазылған.

Омырау белгісі түсінің сипаттамасы:

күн, қыран - алтын түсті;

кітап - көгілдір эмаль;

сегіз қырлы таңба - алтын түсті;

мекеменің аты - алтын түсті;
шеңбер - ақ эмаль;
жиектемесі - алтын түсті.

Белгі нышандарының мағынасы:

1. Кітап - ҰЖМБМ-ның негізгі мақсатын айқындайтын ілім мен білім қайнарының әмбебап нышаны.

2. Күн мен оның сәулесі аясында қалықтаған қыран егемен Қазақстанның мемлекеттік нышандарының белгілері. Нышандардың бұл бөлімі ҰЖМБМ-ның Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мекемелер жүйесіне кіретіндігін көрсетеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК